

«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті» РММ төрағасының
202__ ж. « ____ » _____
№ _____ бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Гомеопатиялық дәрілік препаратты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парак)**

Саудалық атауы
Киндинорм Н

Халықаралық патенттелмеген атауы
Жоқ

Дәрілік түрі, дозасы
Түйіршіктер

Фармакотерапиялық тобы

Басқа да препараттар. Басқа емдік препараттар, барлығы. Басқа дәрілік препараттар.

АТХ коды V03AX

Қолданылуы

жүйке жүйесінің үрейлі бұзылыстарын (мінез-құлықтың бұзылуы) емдеуге арналған

Қолдану басталғанға дейін қажетті мәліметтер тізбесі

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препараттың белсенді немесе қосымша компоненттеріне аса жоғары сезімталдық

Қолдану кезіндегі қажетті сақтандыру шаралары

Аралас гомеопатиялық дәрілік заттарды қолданған кезде уақытша бастапқы нашарлаудың болуы мүмкін. Бұл жағдайда препаратты қабылдауды тоқтатып, дәрігермен кеңесу керек.

Киндинорм Н құрамында сахароза бар. Сирек тұқым қуалайтын аурулары бар (фруктоза жақпаушылығы, глюкоза және галактоза мальабсорбциясы синдромы немесе сахароза-изомальтаза жеткіліксіздігі) пациенттер препаратты қабылдамауы тиіс.

560 түйіршіктердегі қант мөлшері 1 НБ сәйкес келеді.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі анықталған жоқ. Пациенттер, егер олар қандай да бір басқа, оның ішінде рецептсіз босатылатын дәрілік заттарды қабылдап жүрсе немесе таяуда қабылдаса немесе қабылдағысы келсе, өз дәрігеріне немесе фармацевтке хабарлауы тиіс.

Гомеопатиялық дәрілік заттың әсеріне салауатты емес өмір салтының жалпы факторлары, сондай-ақ көтермелеуші және тітіркендіргіш әсері бар заттар теріс ықпал етуі мүмкін.

Арнайы ескертулер

Қауіпсіздігі мен тиімділігі жөніндегі деректердің жоқтығына байланысты, 1 жастан кіші балаларға Киндинорм Н қолдануға болмайды.

Ұзақ мазасыздық жағдайында немесе шаршау, салмақ жоғалту сияқты жағдайларда, сондай-ақ, егер сізде тұрақты, түсініксіз немесе қайта пайда болатын шағымдар болса, дәрігермен кеңесу керек, себебі бұл медициналық нақтылауды қажет ететін аурулар болуы мүмкін.

Жүктілік және лактация кезеңі

Бұл препаратты жүктілік және бала емізу кезінде қолдану тәжірибесі жеткілікті түрде құжатталмаған, сондықтан оны дәрігермен кеңескеннен кейін ғана қабылдау керек.

Дәрілік заттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Әсер етпейді.

Қолдану бойынша ұсынымдар

Дозалау режимі

Басқа нұсқаулар болмаған кезде Киндинорм Н келесідей қолданылады:

Ересектер мен 12 жастан асқан және одан үлкен балалар: 5 түйіршік күніне 1-3 рет.

6-дан 12 жасқа дейінгі балалар: 3 түйіршік күніне 1-3 рет.

1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар: 2 түйіршік күніне 1-3 рет

Симптомдар жеңілдеген кезде қабылдау жиілігін азайту керек.

Енгізу әдісі мен жолы

Пероральді. Түйіршіктерді ауызда баяу еруіне мүмкіндік бере отырып, тамақтанудан жарты сағат бұрын немесе тамақтанудан жарты сағаттан соң қабылдау керек.

Қабылдау уақыты көрсетілген қолдану жиілігі

Күніне 1-3 рет.

Емдеу ұзақтығы

Препаратты дәрігердің кеңесінсіз ұзақ уақыт бойы қолдануға болмайды.

Артық дозалану жағдайында қабылдануы қажет шаралар

Қазіргі уақытта артық дозалану жағдайлары туралы ақпарат жоқ.

Артық дозалану жағдайында емдеу симптоматикалық.

Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіру үшін медицина қызметкерінің кеңесіне жүгіну бойынша ұсынымдар

Егер сіз, өзіңіз немесе балаңыз қандай да бір жағымсыз әсерлерді сезіну бар деп санасаңыз өз дәрігеріңізге немесе фармацевтке қаралыңыз.

Бұған осы аннотацияда көрсетілмеген кез келген ықтимал жағымсыз әсерлер кіреді.

ДП стандартты қолдану кезінде пайда болатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және бұл жағдайда қабылдануы тиіс шаралар

Өте сирек (< 1/10000):

Иммундық жүйе тарапынан болатын бұзылыстар:

- жоғары сезімталдық реакциялары болуы мүмкін.

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаған кезде медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса алғанда, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) бойынша тікелей ақпараттық дерекқорға жүгіну керек

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

Қосымша мәліметтер

Дәрілік препараттың құрамы

10 г препараттың құрамында

<i>белсенді заттар:</i>	Chamomilla dil. D12	25.00 мг
	Kalium phosphoricum dil. D6	25.00 мг
	Staphisagria dil. D12	25.00 мг
	Valeriana dil. D6	25.00 мг,

қосымша зат-сахароза.

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы

Пішіні шар тәрізді, біртекті, күңгірт беткейлі ақшыл түйіршіктер. Түйіршіктер бір-біріне жабыспауы керек.

Шығарылу түрі және қаптамасы

10 г түйіршіктен пластмасса қақпағы бар қоңыр шыныдан жасалған құтыда. 1 құтыдан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапқа салынған.

Сақтау мерзімі

5 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары

25 °С аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептісіз

Өндіруші туралы мәліметтер

Дойче Хомеопати - Унион ДХУ- Арцнаймиттель ГмбХ & Ко. КГ,
Оттоштрассе 24, 76227 Карлсруэ, Германия
Тел. +49 (0) 721 4093 01
Факс +49 (0) 721 4093 8299
E-mail: info@dhu.de

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

Альпен Фарма ГмбХ,
Штайненфельд 3,
77736 Целль ам Хармерсбах
Германия
Тел.: +49 (0) 7243 200 49 10
E-mail: info.germany@alpenpharma.com

Эксклюзивті өкілі

Альпен Фарма АГ
Берн, Швейцария

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасы жөніндегі шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)

«Альпен Фарма» ЖШС

Қазақстан Республикасы, Алматы обл., Қарасай ауданы,

Елтай ауылдық округі,

Көкөзек ауылы, 1044 құрылыс

Тел./факс + 7 727 232-34-73,

+ 7 727 232-34-74

E-mail: info.kazakhstan@alpenpharma.com

Моб.тел.+7 701 035 70 69 дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты тұлға.

E-mail: pv.kz@alpenpharma.com